

Н. Қыстау қызы

ҚАЗАҚ ҰЛТЫНЫҢ ТҮСТЕРГЕ (РЕҢ) ТҮЙГЕН ТҮЙІНДЕРІ

ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ: Адамзат мәдениеті ғайптан пайда болған емес, ол халықтың сан жылдар бойынан бергі ізденістерінің жемісі. Ұлт мәдениеті де ұлттың ұлт болып қалыптасуындағы негізгі ерекшелік бұл жерде қазақ ұлтының ұлттық бояуы күшті мәдениетінің бірі болған түстерге (рең) түйген түйіндеріне тоқталамыз.

ТҮЙІН СӨЗ: Қазақ ұлты, Түс (рең), Мәдениет. Тарих-этнография ғылымдарына сүйене сөйлесек, әр қандай халықтың ұлттық салт-санасы, ата мұрасы, дағдысы, дәстүрі болмай қалуы мүмкін емес. Мәдениеті дамыған халықтың тарихы болсын немесе мәдениеті артта қалған мешуе әлсіз халықтың тарихы болсын бәрі де осылай. Тарих-этнография ғылымы қай-қашанда белгілі бір халықты зерттегенде алдымен оның ұлттық салт-санасы, дағды-дәстүрі қалай болатынын қарастырады, ал ұрпақтарымызға өз ұлтымызды танып білу үшін байырғы халықтың, ұлттық салт-санамызды, дәстүрлі наным-сенімдеріміздің қалай болтынын білуіміз керек.

Тіршілік өрісі, күн көрісі басқа халықтардан мүлдем бөлек таулы өңір, кең даланы мекен етіп төрт түлік малымен күнелтетін халқымыздың байырғы салт-сана, дағдылары өзге халықтарға ұқсамайтын өзіндік даралық ерекшеліктерімен мойындалып көзге түседі. не болсада барлығының белгілі шығу төркіні, тарихи артқы көрінісі болатыны сияқты ұлтымыздың түстерге (рең) түйген түйіндерінің өзіндік шығу төркіні бар.

Адамзат мәдениеті ол – адамзаттың сан ғасырлық әрекетінің, ғасырлар қатпарындағы қабағат харектрлі қимылдары арқылы жарыққа шыққан төл тумалары екендігі тайға таңба басқандай шындық, оны өткен әрбір тарих парақтарынан көре аламыз. Лениннің «Адамзат мәдениеті бір күнде, бір жолда көз алда пайда бола салған нәрсе емес, өздерін адамзат мәдениетінің маманымыз дейтіндердің ойлап тапқан нәрсесіде емес, ол – адам баласының Капиталистік, Феодалдык қоғамның азапты езгісінде жүріп жасаған білім қоры», - дегенді. Дарқан дала төсінде жасап адамзат мәдениет қорына өзіндік үлестер қосқан ұлтымыздың заттық мәдениет жетістіктері мен рухани мәдениет табыстарының барлығыда сан ғасырдың сарабынан не бір қасіреттен қан ұйыған қанды қырғынды, тарлан тарихтың не бір талғауынан өтіп бізге жеткен дүниелер.

Ұлттық этнографиямыздың бедерлі тақырыбынан тұратын халқымыздың түстерге түйген түйіндері жөнінде тоқталамыз: Көркемөнердің барлыққа келуі кездейсоқ құбылыс емес. Рең (түс) адам баласының өз ақыл-парасатына сүйене отырып табиғат пен адамзат қоғамынан көркемдікті сезіну, парықтау, ұнату немесе жирену, ләзаттану, еліктеу және көркемдік заңдылығына сай қайта жасау барысында барлыққа келген.

Қазақ қалқы табиғат ананың алуан рең-түс бояуын қанық біліп күнделікті өмірінде, тұрмысында және әдебиетінде, мәдениетінде түрлі наным-сенімдерге ие болып алуан түрлі әсемдіктің обыразын жаратып келе жатқандығы даусыз. Сондықтан «қазақ қалқы сұлуда дарқан, табиғат құшағында масатытай құлпырған ортаның өздеріне силаған көп түрлі реңдерінен өз көңіл ләзаттарын тауып, сол арқылы соларға сиынатын, кие тұтатын наным-сенімдік рух қалыптастырған».

Демек қазақ халқының рең-түс туралы наным-сенімдеріне тоқталар болсақ: Бұл бір жағы ұлтымыздың әр дәуірде сенген діндерімен қатысып, сабақтасып жатады. Ұлтымызды құраған ру-тайпалар өз кезінде азияға тараған барлық діндердің ықпалын қабылдап отырды. Олар ата-бабалар аруағына, көк пен жерге, жарық денелерге Күн, Ай, Жұлдыз, Тау, От, Су, Ағаш, түр-түс тектеріне табынды. Тарихи даму барысында олардың діннің нанымдарыда алма-кезек Шаматнизім, Будда діні, Нисториян діні ең соңында Исіләм діні болып ауысып отырды. Мұның ішінде Шаман діні Азия мен Европаға біршама кең таралды, бұл көп құдайлы, жаратылысты және жаратылыс құбылыстарын пір тұту негізінде қалыптасқан дін. Халқымыздың алуан түстерге табынуы, тіпті кей түстерді жақсылықтың, ізгіліктің нышаны деп біліп пір санауы немесе жаманшылыққа жорып жатқа санауы барлығы да осындай Шаманизмнің нанымның аясынан келген.

Кейбір түстерге (реңдер) атамзаманнан бергі түркі халықтарында түрлі сивмолдық мәндерді атқарған. «тарихи жазбаларда» (Ғұн баянында): «Ғұндар батысқа кілең ақбоз атты, шығысқа қара көк атты, терістікке қара атты, түстігіне сары, қызыл атты орналастырған» делінген. Міне бұл Ғұндардың төрт тарапқа (төрт төңірекке) және түстерге (реңдерге) табынумен байланысты болған. Олар бұл төрт түсті төрт тараптың баламасы деп білген, төрт түс, түрткіл дүние, күллі әлем түгел бір ниет, бір тілекте болғанда ғана ұлы іс оңына басады деп қараған. Бұнда батысты-ақ, шығысты-көк, түстікті-қызыл, терістікті-қара түспен бейнелеген.

Бұл түстік (реңдік) аталымдар қазақ халқының ішкі жан дүниесі, дүниеге көзқарасы, сенім-нанымы, салт-санасы, төл естетикалық талғамымен әркез телі, тынысты табысым табады.

Қара түс: Қара-сын есім. Қазақ ұғымында «қара» ақтың қарама-қарсы баламасы саналады, халық нанымы мен тілінде қара түс ежелден жауыздық, бақытсыздық, жексұрындық, сүреңсіздік, тасбауырлық, қайғы-қасірет, сұрқиалық, арам пиғылдың символы ретінде алынып келген. Мысалы қарабет, қараборан, қаражүз, қаралығүй т.б.

«Қорқыт ата кітабындағы» Дірсехан ұлы Бұқашхан туралы жырдағы: хандардың ханы баяндыр аспан

астына ала шатыр тіктіріп, қалың кілем төсетіп жылдағы әдегінше төңірекке ат шаптырып той жасайды. Тойға түйеден бура, жылқыдан айғыр, қойдан қошқар сойылсын деп жарлық шашады, және сол күні бір жерге ақ отау, бір жерге қызыл отау, енді бір жерге қара отау тіктіріп қойады. Тойға жиылған бектердің ұл баласы барларын ақ отауға, ұлы жоқ бір ғана қыз балалары барларын қызыл отауға, ұлы да қызы да жоқтарын қара отауға кіргізеді, қара отауға кірген қонақтарға қара қойдың етін беріп қара кигізге отырғызады: «не ұлы жоқ, не қызы жоқ жандарды тәңірдің өзі қарғаған бізде солай етеміз» дейді.

Қазақтың наным сенімінде жаман адамдар қараниет, қарабет делінсе, қам-қайғылы адамдар қара-көңілді, өлім-жітімді адамдар қаралы адам делінеді, өлімге бұрындары қара ту шығарып, қара киім киінеді не қаралық байланады. Қазақ қара түсті жамандықтың нышаны деп білгендіктен жақсылыққа, қонаққа қара мал соймайды, егер басқа малдың жөні болмай қара мал союға тура келгенде оның басына ақ кездеме байлап, ақ тілек, ақ ниет болсын деп сояды.

Дүниедегі әрқандай нәрселерде екі жақтылы сипат болғаны сияқты қара сөзінің жәнede «ұлы, киелі, қасиетті» мағыналарын білдіріп ұлылықтың, қасиеттіліктің символы болатындығы да мәлім. Мысалы қазақ қара орманды, қара шаңырақты, қара қосты көненің көзі, ата-бабадан аруақтан қалған солардың жақсылығы дарысын жамандықтың бетін ары етсін деген наным-сеніммен кие тұтатын негіз қалыптасқан, және қара хан, қара тау, қара өлең, қара жыр, қара халық, қара қасқа, қара көз, қара қылды қажару т.б.

Тарихта «қара бет» болу ғұндарда жеңіл қылмыс өткізгендерге берілетін жаза түрі болған. «Есім-ханның аз ханымы-Айым бикем хан есімнің тілін алмағандықтан атын қара күң деп өзгертіп тастандылық берген еді». Күнәкәрларды «қара күң», «қара құл», «қара бет» атап жазалау қара сиырға, қара есекке теріс мінгізіп бетіне күйе жағып жұрт аралату бір түрлі жаза болған. Қазақта ауырған яғни қырсық шалған адамды қара қоймен ұшықтайтын ырым болған, меңсіз қара қойды немесе қар ешкіні оң жақ босағадан енгізіп, ауырған адамды онымен ұшықтаған соң, сол жақ босағаның сыртын байлап қояды, ұшықтаушы бақсы кетерінде қара малды жетелеп кетеді, мұның өзі қараға (қарамалға) пәле-қаза, ұшық әуес, ол пәле-қаланы, жын-шайтанды, қырсықты өзімен бірге ала кетеді дегенді ұғындырады, міне оның бәрі «қараның» қазақ санасындағы нышанның жамандығы екенін растайды.

Көк түс: Сын есім. Ашық аспан тәрізді түс (рең), бұл түс ұлттық түстік (реңдік) түсінігімізде көк аспан, көк бөрі тәңірлерінің түсі болып келеді де тәңірлер символы ретінде қаралады. «Көк» қазақтың барынша сиынатын реңі, қазақтың көк реңге сиынуы туралы мынадай төтемдері көзге түседі: «көк бөрі» төтемі, «ұлы иүзілер өздеріне көршілес отырған үйсін ұлысының күнбi Нанды бидi өлтіріп жерін жаулап алған, сол кезде Нанды бидің ұлын шөптің

арасына тастап кетеді, ашыққан баланы көк бөрі емізеді.....» болып келеді.

Жер шары туралы халық нанымында жерді тәңірдің көк өгізі көтеріп тұрады деп қаралады, ал «оғыз атасы ай қағанынан туылғанда көк өңді» делінсе ол тәңірге сиынып отырғанда атырапты қараңғы басып көк жарық түседі, және ағаштың қуысынан шыққан қыздың көзі көк аспандай көк болады, жол бастаушы бөрінің жүні, жалы көк болады, осының бәрі ата-бабаларымыздың көк түске табынғандығының дерегі. Осы негізде көк түс ұлы, парасатты, текті, үстем, кең, қасиетті деген ауыспалы мәндерді білдіреді. Мысалы қара көктің тұқымы, көк бөрісі бар, көк өрім, көк темір, көк аяз, көк жал т.б.

Халықтық ұғымда көк түсті нәрседе қасиет бар деп саналып, торқалы тойға арнап сойған малдың түсі көк, көк қасқа болса жақсылыққа ырым етеді, ауырған баланы көк шүперекке орайды. Көк көзі енді бір ауыспалы мағынасында долы, кері, олақ, ақылсыз, толымсыз деген мәндерді білдіреді. Мысалы көкайыл, көкезу, көкми т.б. «Көк» сөзі кейін келе жалпы түркі халықтарында киелі, қасиетті, тілсім мағынасында қолданылып келген, қазірге дейін қазақ тұрмысында көк сөзі екі мағынада яғни көк тәңірі және көк рең (түс) мағынасында қолданылады.

Әдетте балаларда болатын жөтел ауыруының бір түрін «көкжөтел» десе, көкжөтелге көк сиырдың сүті, көк лақтың еті, көк кептердің қаны ем болады дейді, қазақтың күнделікті тұрмысында көк реңге сиынатын наным-сенімдік дәстүрімен тек көк реңге қатысты ырым-жырымдары да көп болған.

Сары түс: Сары сын есім. Пысқан егіннің түріндей түс, сары сөзі тілімізде жиі қолданылады, тура мағынасы мен ауыспалы мағынасында да жағымды-жағымсыз жақтарға қолданылады, сары түсті халықтық нанымда, түстің талғам таразысында жақсы мінез-құлық, ұнамды ахылақ-мұрал, жағымды іс-әрекеттің, силасымдылықтың, табандылықтың, құрметтіліктің, кеңдіктің, ұлылықтың ұғымдық мәтін ашуға жұмсалады. Қазақи ру-тайпалар сонау ұзақ ғасырлар бойындағы тарих көш барысында өздері жасаған ортаның алуан түстегі дала табиғатын күнделік тұрмысының қажетіне қарай жер-суларын қастерлей білген, мәселен «сары» обырызымен келетін сары дала, сары жайлау, сарыарқа, сары бидай сынды жер-су аттары өз табиғаты мен халық көңілінде ән-күйге айналғандығы анық, және тілімізде сары майдай еру, сары майдай сақтау, сабыр түбі сары алтын, сары кідір тарту, сартабан, сар торғай т.б. және салтымызда құтты істің қуанышына арнап ақсарбас мал айтып соятын болған, енді бір жағынан қазақи наным-сенімдік салт бойынша сары реңді ұнатпайды, сары киім кию, сарыдан жамылғыш жамылу, сарыдан жасау-жабдық алу бәріде қазақ ырымдарында қарсы алынбайды, сары рең сарғаудың, қураған өсімдік жапырағындай өміршендігінен айрылудың, сары уайымның, мұң-қайғының нышаны ретінде қаралады, сары ізіне шөп салу сияқты сөздердің бәрі қазақтың сары реңді жаман ырымға балауынан келіп шыққан наным.

Ақ түс: ақ сын есім, қардың, сүттің, бордың түсіндей түс, ақ түстің халықтық нанымда алар орынының жоғарлылығынан ақ сөзінің беретін мағынасы қолданылуы кең болған. Халқымыздың жалпы ұлттық тұлғадан жаны қалайтын, қастерлейтін қымбатты түсі ол халық санасында қалтқысыз жан сұлулығының, шынайы фактіктің символы, қазақ ең жанкүйер жандарын ақ дәмге шақырады, үйге кірген жыланның басына ақ құйып шығарады, әу бастан-ақ мейірбан табиғат ана адам баласы шыр етіп дүние есігін жаңадан ашқан нәрестені аналар ақ алаңына салып көтеріп алған осы кіндік ананың білегіне ақтық байлайды, ағаш бесіктен жер бесікке аттанған адамның сүйегін ақбөзге орап жерлейді. Ақ тілеулі тойда, жеті атаға толып өсіп, енді ел болған ру тойында ақ түйе, ақ боз жылқы сойып тілеу тіленген, «ақ түйенің қарны жарылған» деген майрағайда-тайрағай болу осыдан қалған. Міне осы тұрғыдан ақ сөзі қазақ тілінде пактіктің, мейірімділіктің, мөлдірліктің, ақтықтың, адалдықтың, дерегі болған.

Көктем келіп күн (найзағай) ең алғаш күркірегенде аққа (айран, сүт) малынғын ыдыспен үйдің белдеуіне ұрып «отын аз, сүт көп» деп ырым етеді, жаңа көтерілген үйдің шаңырағына ақтық байлаған, ұл-қыздарын «ақ бөпем», «ақ қозым», «ақ ботам», «ақ еркем» деп еркелеткен. Тағы бір мәнінде ақ сөзі жоқтық, жамандық, қарғыстық мәнді де білдірген. Мысалы көзіңе ақ түссін.

Қызыл түс: қызыл сын есім, тілімізде қызыл сөзі сұлулықтың, әсемдіктің, жастықтың, жауынгерліктің символы ретінде келеді. Мысалы қыздың

көзі қызылда, қызыл тіл т.б. және қазақ қызыл күрең түлкі мен қызыл күрең қойды босағаға біткен құт деп білген. Жас отау жасауын жастықтың, жалындаған жігердің символы деп қызылдан алған, қызыл сөзі және көптеген жағымсыз мағыналарда қолданылған. Мысалы қызылкөз, қызылсу, қызылшеке, қызылқырман, қызылшұнақ т.б.

Әдетте бір халықтың салт-санасы, ұстанған дағды-дәстүрі өзге ұлт жөнінен мән-мағынасыз болып тіпті ескінің қалдығы ретінде сезілуі мүмкін, бірақ сол ұлттың адамы үшін алғанда ол соншама құнды, киелі болып қасиеттелетіні даусыз. Қазір партиямыздың ұлттық саясаты ежелден еліміздегі барлық ұлттың ұлттық салт-сана, ұлттық ғұрпына құрмет етуді дәйекті түрде атқарып келеді, тіпті автономиялы жерлерде бұл жағдай заңмен қорғалады, сондықтан жас ұрпақтар салтымызды ардақтап, оны жалғауға тиіспіз!

1. «Шұғыла» журналы 2008 жылы 1-сан Щинжияң халық баспасы.

2. «Шұғыла» журналы 2008 жылы 2-сан Щинжияң халық баспасы.

3. «Көкжиек» журналы 2009 жылы 3-сан Щинжияң халық баспасы.

4. «Оқырман өресы» журналы 2009 жылы 2-сан Щинжияң халық баспасы.

5. «Мұра» журналы 2008 жылы 3-сан Щинжияң халық баспасы.

* * *

Мысль казахского народа о цветах.

* * *

The prediction of Kazakh people of the dreams.

Ш. И. Джанзакова, Г. Нажикенова

ҚАЗАҚ АФОРИСТИКАСЫНЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүр-салтын оқып-үйрену үшін жағдайлар жасау бірінші кезектегі міндеттердің бірі» деп атап көрсетілген. Халықтық тәрбие, ол ұлттың ұлт болып қалыптасуымен бірге дамып келе жатқан көне тарихи жүйеге жататыны кімге болса да аян.

Қазақ халқының сан ғасырлық болмысының, дүниетану көзқарасының, ақыл-парасатының жемісі атадан балаға мұра болып келе жатқан сөз қуаты нақыл, қанатты сөздер адам бойына қуат беретін қайнар көз.

Афоризмдер – терең ойға құрылған, жан-жақты байыптау барысында алынған, барынша қысқа да ықшам, көркем келісіммен келген, нақты бір автордың қаламынан туған тиянақты ой жүйесі. Афоризм – қазақ менталитетіне аса жақын жанр. Афоризм – өзінің құнарлы ойларын «тоқсан ауыз

сөздің тобықтай түйінін» «түйіп» үйренген қазақ халқына тән сөз өнері.

Афоризмдердің құрылымдық сипаты, композициялық-синтаксистік құрылысы. Афоризмдер құрылымына қарай екі бөліктен: 1) нақты ой айтылған алғашқы бөліктен және 2) қорытынды тұжырымнан тұрды, бұл бөлімде әдетте, автордың бағалаушылық модельдік қатысы беріледі. Мысалы, (I) Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет, сезім. (II) Бұл ғаделет, махаббат, сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым.

Афоризм тілінде белгілі бір мәнмәтін жағдайында императив қызмет атқаратын тілдік бірліктер кездеседі.

Афоризм, нақыл сөздер – тілім-тәрбиелік мәні зор, терең ойлы, қысқа сөзбен «тоқсан ауыз сөзді тобықтай түйінін түйген» өткір, өнегелі сөз. Афоризмнің авторы белгілі. Афоризм өлең және қара сөз